

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Білім алушыларды дамыту және қолдау департаменті	Ереже	Рес. бекітіс: 1
			Страница 1 из 13

Бекітемін
 Университеттік жастар саясаттың
 шешімімен
 № 2 хаттама « 28 » 12 2025г.

С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Студенттік жатақханалар кеңесі туралы ЕРЕЖЕСІ

Қолданылу мерзімі: « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> ж. « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> ж.	Ұзарту мерзімі « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> ж.	Мәртебесі: Қолданыстағы ☐ Күші жойылған ☐
Алдыңғы күші жойылған құжат: Ректор бұйрығы № <u> </u>	Құжатты басқаруға жауапты тұлғаның қолы:	Код № <u> </u> Көшірме № <u> </u> Дана № <u> </u>

Алматы – 2025 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ереже	3
2. Нормативтік негіздері	3
3. Терминдер мен анықтамалар	4
4. Максаты мен міндеті	4
5. Студенттік жатақханалар кеңесінің функциясы	5
6. ҚазҰМУ Студенттік жатақханалар кеңесінің талабы	6
7. Студенттік жатақханалар кеңесінің құқығы мен міндеті	7
8. Студенттік жатақханалар кеңесінің сайлау тәртібі	8
9. Университет Президентінің ішкі ұйымдармен өзара байланысы	9
10. Ереже қорытындысы	10
11. Қосымша1: ҚазҰМУ өзін-өзі басқару үшін шаблон	12

1. Жалпы ереже

1. Осы С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті КЕАҚ-ның Студенттік деканаты туралы ереже (бұдан әрі – **Ереже**) Университеттің мектептері мен факультеттері деңгейіндегі студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылатын студенттік деканаттың мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын, қалыптастыру тәртібін, өкілеттіктерін және қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Студенттік деканат тиісті мектептің немесе факультеттің студенттерінен сайланатын өкілді орган болып табылады және демократия, жариялылық, ашықтық, студенттік қауымдастық пен Университет әкімшілігі алдындағы жауапкершілік қағидаттары негізінде өз қызметін жүзеге асырады.

3. Студенттік деканаттың қызметі студенттер мен мектептің (факультеттің) әкімшілігі арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, студенттік бастамаларды дамытуға, сондай-ақ білім беру, мәдени, спорттық, ғылыми және әлеуметтік іс-шараларды ұйымдастыруға бағытталған.

4. Студенттік деканат заңды тұлға болып табылмайды, өз қызметін қоғамдық негізде жүзеге асырады және студенттік қауымдастық пен мектептің (факультеттің) әкімшілігіне есеп береді.

5. Осы Ереже С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың Жастар саясаты жөніндегі кеңесінің шешімімен бекітіледі. Осы Ереженің талаптары Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері, студенттік өзін-өзі басқару органдары және білім беру процесіне қатысушылар үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік негіздер

6. Осы Ереже төмендегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- 3) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңы;
- 5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (өзгерістері мен толықтыруларын қоса алғанда);
- 6) Университет Жарғысы;
- 7) Университеттің өзге де жергілікті нормативтік актілері.

7. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі ұсынымдарын (әдістемелік хаттар, бұйрықтар) ескере отырып әзірленді.

8. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер бойынша студенттік деканат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Университеттің жергілікті нормативтік актілерін басшылыққа алады.

3. Терминдер мен анықтамалар

8. Осы Ережеде мынадай негізгі терминдер қолданылады:

- 1) Кеңес - жатақханалардағы студенттік өзін-өзі басқару органы.
- 2) Кеңес мүшесі - Кеңестің жұмысына қатысу үшін сайланған немесе тағайындалған студент.
- 3) Кеңес төрағасы - Кеңестің жұмысын ұйымдастыру және студенттердің мүдделерін білдіру үшін сайланған студент.
- 4) Төрағаның орынбасары - Кеңес төрағасының міндеттерін оның болмаған кезінде орындайтын және Кеңестің тапсырмаларын жүзеге асыратын студент.
- 5) Студенттік жатақхана кеңесінің сайлауы – тиісті жатақханада тұратын студенттердің тікелей, еркін және жасырын дауыс беруі арқылы Кеңес төрағасы мен Кеңес мүшелерін белгілі бір мерзімге сайлау рәсімі.
- 6) Үгіт-насихат - кандидаттар мен олардың өкілдерінің өз бағдарламаларын таныстыруға және студенттердің дауысын алуға бағытталған заңды қызметі.
- 7) Ғимараттың қабат (этаж) старостасы - өзі тұратын қабатының студенттерінің мүдделерін білдіретін студент.
- 8) Жатақхана - Университет студенттеріне арналған тұрғын үй.
- 9) Жатақхана әкімшілігі - жатақхананың қызметін ұйымдастыруды және бақылауды жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшесі.
- 10) Кеңестің есептілігі - атқарылған жұмыстар, қол жеткізілген нәтижелер және алдағы кезеңге арналған жоспарлар туралы ақпаратты тұрақты түрде ұсыну нысаны (әр семестр немесе жыл сайын).

4. Мақсаты мен міндеттері

9. Студенттік жатақханалар кеңесі қызметінің мақсаты - жатақханаларда тұратын студенттер үшін қауіпсіз, қолайлы және жайлы тұрмыс жағдайларын қалыптастыру, белсенді, шығармашыл әрі әлеуметтік жауапты студенттік қауымдастықты дамытуға ықпал ету, студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, бірлік мәдениеті мен академиялық адалдық қағидаттарын нығайту.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- 1) Студенттердің жатақханаларда жайлы және қауіпсіз тұру жағдайларын қамтамасыз етуге ықпал ету.
- 2) Студенттердің мәдени, спорттық және бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
- 3) Студенттердің жаңа оқу және тұрмыс жағдайларына бейімделуіне қолдау көрсету.
- 4) Әлеуметтік жауапкершілікті, бастамашылдықты және белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру.
- 5) Студенттік іс-шараларды, байқауларды, акцияларды және мерекелік бағдарламаларды ұйымдастыру.
- 6) Жатақхана әкімшілігімен тұрмыстық жағдайларды жақсарту және тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау.
- 7) Бірінші курс және жаңадан қоныстанған студенттердің бейімделу кезеңінде қолдау көрсету.

8) Жатақханадағы студенттердің өмір сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларды, жобаларды және студенттік белсенділікті қолдау.

5. Студенттік жатақханалар кеңесінің функциялары

1) **Өкілдік функциясы** - жатақханада тұратын студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, студенттік өмірге қатысты комиссиялар мен жұмыс кеңестерінің отырыстарына (шақырылған жағдайда) қатысу.

2) **Ұйымдастырушылық-үйлестірушілік функциясы** - мәдени, спорттық, білім беру және бос уақытты ұйымдастыру іс-шараларын жоспарлау және өткізу, студенттік бастамаларды, клубтарды және волонтерлік бірлестіктердің қызметін үйлестіру, басқа жатақханалармен және Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау.

3) **Тәрбиелік және профилактикалық функциясы** - жатақханада тұру қағидаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, құқық бұзушылықтардың, жанжалдардың және қоғамға жат мінез-құлықтың алдын алу, студенттердің тәртіптілігі мен әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру.

4) **Ақпараттық-коммуникациялық функциясы** - студенттер мен әкімшілік арасындағы тиімді кері байланысты қамтамасыз ету, студенттерді Университеттің мүмкіндіктері мен өткізілетін іс-шаралар туралы хабардар ету, Университеттің медиа-саясатына сәйкес Кеңестің ресми әлеуметтік желідегі парақшаларын жүргізу.

5) **Дамытушылық функциясы** - студенттердің көшбасшылық, ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту, бірінші курс студенттерінің әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету, студенттік бастамаларды, жобаларды және волонтерлік бағдарламаларды қолдау.

6) **Бақылау функциясы** - студенттердің жатақханада тұру қағидаларын сақтауына мониторинг жүргізу, проблемаларды анықтап, әкімшілікке ұсыныстар енгізу, жатақхана тұрғындары арасындағы даулы жағдайларды шешуге жәрдемдесу.

6. ҚазҰМУ Студенттік жатақханалар кеңесіне қойылатын талаптар

Жалпы талаптар

10. Кеңес жатақханалардағы студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылады және өз қызметін осы Ереженің, Университеттің жергілікті нормативтік актілерінің және Қазақстан Республикасының заңнамасының негізінде жүзеге асырады.

11. Есептілік пен ашықтыққа қойылатын талаптар

1) Кеңес өзінің қызметі туралы студенттерді ақпараттық стендтер, әлеуметтік желілер және басқа да қолжетімді ақпараттық арналар арқылы тұрақты түрде хабардар етеді.

2) Кеңестің барлық шешімдері ашық қабылданып, дауыс беру нәтижелері хаттамада міндетті түрде көрсетіледі.

3) Кеңес Университет әкімшілігінің сұрауы бойынша өткізілген іс-шаралар, жобалар және бастамалар бойынша растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4) Кеңестің қызметін үйлестіруді Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментінің Тәрбие жұмысы және студенттік бастамалар орталығы жүзеге асырады.

7. Студенттік жатақханалар кеңесінің төрағасы лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар

12. Студенттік жатақханалар кеңесінің төрағасы лауазымына мынадай талаптарға сәйкес келетін кандидат ұсынылуы мүмкін:

- 1) бакалавриаттың кемінде 2-курс студенті немесе магистратура, интернатура не резидентура бағдарламасы бойынша білім алушы болуы;
- 2) Университеттің нормативтік актілерінде белгіленген шекті деңгейден төмен емес орташа үлгерім көрсеткішіне (GPA) ие болуы (ұсынылатын ең төменгі көрсеткіш - 2,67);
- 3) кандидат ретінде тіркелген кезде тәртіптік жазасының және академиялық қарызының болмауы;
- 4) қоғамдық, волонтерлік немесе жобалық қызметке қатысуының расталған тәжірибесі болуы;
- 5) өз өкілеттік мерзіміне арналған жатақханадағы студенттік қауымдастықты дамыту жөніндегі жазбаша іс-қимыл бағдарламасын ұсынуы.

8. Сайланған Студенттік жатақханалар кеңесінің міндеттері

13. Сайланған Студенттік жатақханалар кеңесі:

- 1) жатақханада тұратын студенттердің мүдделерін Университеттің Студенттік үкіметінде және студенттік өзін-өзі басқарудың өзге де органдарында білдіруге;
- 2) Студенттік жатақханалар кеңесінің бекітілген жұмыс жоспарының орындалуын қамтамасыз етуге;
- 3) Студенттік жатақханалар кеңесінің отырыстарын айына кемінде бір рет өткізуге және қабылданған шешімдерді міндетті түрде хаттамамен рәсімдеуге;
- 4) Университеттің Студенттік үкіметі қабылдаған шешімдердің орындалуын ұйымдастыруға және оларды жатақханада тұратын студенттердің назарына жеткізуге;
- 5) Студенттік жатақханалар кеңесінің қызметі туралы әр семестрлік және жылдық есепті Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментіне ұсынуға;
- 6) Университеттің Академиялық адалдық кодексінің, Студенттердің әдеп кодексінің және Ішкі тәртіп қағидаларының талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

9. Әдеп талаптары

14. Студенттік жатақханалар кеңесінің мүшелері:

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының, Университет Жарғысының, осы Ереженің және Университеттің өзге де жергілікті нормативтік актілерінің талаптарын сақтауға;
2. шешім қабылдау кезінде адалдық, объективтілік және бейтараптық қағидаларын ұстануға;
3. студенттердің өтініштерін қарау барысында олардың дербес деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
4. академиялық және корпоративтік әдеп нормаларын сақтауға, студенттер мен Университет қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

10. ҚазҰМУ Студенттік жатақханалар кеңесінің құқықтары мен міндеттері

15. Студенттік жатақханалар кеңесінің құқықтары

Студенттік жатақханалар кеңесі:

- 1) өз құзыреті шегінде жатақхана әкімшілігінен қажетті ақпаратты сұратуға;
- 2) студенттердің тұру жағдайларын жақсарту, тәрбие, әлеуметтік және мәдени жұмыстарды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- 3) профилактикалық, білім беру және түсіндіру іс-шараларына қатысуға;
- 4) студенттерді қоғамдық пайдалы жұмыстарға және түрлі бастамаларға тартуға;
- 5) жатақханада тұру қағидалары мен ішкі тәртіп талаптарының бұзылуына қатысты мәселелерді қарауға бастамашылық жасауға;
- 6) жатақханада тұратын студенттердің мүдделерін Университет әкімшілігі, құрылымдық бөлімшелері және студенттік өзін-өзі басқарудың өзге де органдары алдында білдіруге;
- 7) Университеттің талаптарын сақтай отырып, Кеңестің ресми әлеуметтік желідегі парақшаларын және өзге де ақпараттық ресурстарын жүргізуге;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің жергілікті нормативтік актілеріне қайшы келмейтін жобаларды іске асыру мақсатында сыртқы серіктестерді (демеушілерді, үкіметтік емес ұйымдарды, волонтерлік ұйымдарды) тартуға құқылы.

11. Студенттік жатақханалар кеңесінің міндеттері

16. Студенттік жатақханалар кеңесі:

- 1) студенттердің мүдделерін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес әрекет етуге;
- 2) өз қызметінің ашықтығын, объективтілігін және есептілігін қамтамасыз етуге;
- 3) Университеттің әдеп қағидаларын, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттарын сақтауға;
- 4) жатақханада тұратын студенттерге арналған мәдени, спорттық, білім беру және бос уақытты ұйымдастыру іс-шараларын жоспарлауға және өткізуге;
- 5) студенттердің өтініштері мен ұсыныстарын қарауға, олардың шешілуіне жәрдемдесуге және орындалуына бақылау жүргізуге;
- 6) жатақхана әкімшілігімен және Университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерімен жатақханадағы тұрмыс жағдайларын жақсарту және тәрбие жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасауға;
- 7) Кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізуге, құжаттаманы сақтауға, Университет әкімшілігінің сұрауы бойынша есептер ұсынуға, сондай-ақ бірінші курс және жанадан келген студенттердің әлеуметтік бейімделуіне, студенттік бастамалар мен жобалардың дамуына жәрдемдесуге;
- 8) жатақханада тұру қағидаларының, тәртіптің, санитариялық жағдайдың және ішкі тәртіп талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;
- 9) өз құзыреті шегінде жатақхананың және Университеттің үй-жайларын, жабдықтарын және ақпараттық ресурстарын ұқыпты әрі жауапкершілікпен пайдалануға міндетті.

12. Сайлау процесінің кезеңдері

17. Сайлауды жариялау

- 1) Сайлауды өткізу туралы шешімді Білім алушыларды дамыту және қолдау департаменті қабылдайды.
- 2) Сайлаудың басталғаны туралы хабарландыру дауыс беру күніне дейін кемінде 15 күнтізбелік күн бұрын Университеттің ресми ақпараттық ресурстарында жарияланады.

18. Кандидаттарды ұсыну және тіркеу

- 1) Кандидаттар Сайлау комиссиясына жеке өтініш беру арқылы өз кандидатураларын ұсынады.
- 2) Кандидат:
 - а) белгіленген үлгідегі өтінішті;
 - ә) білім алушы екендігін растайтын анықтаманы және белгіленген шекті деңгейден төмен емес GPA көрсеткішін (мысалы, 2,67 және одан жоғары) растайтын құжатты;
 - б) куратордың немесе оқытушының мінездемесін (ұсыным хатын);
 - в) жатақханадағы студенттік қауымдастықты дамыту жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын ұсынады.
- 3) Сайлау комиссиясы кандидаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеріп, өтініштерді қабылдау аяқталғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде тіркелген кандидаттардың тізімін жариялайды.

19. Сайлау алдындағы үгіт-насихат

- 1) Тіркелген кандидаттардың дауыс беру күніне дейінгі **10 күнтізбелік күннен аспайтын** мерзімде үгіт-насихат жүргізуге құқығы бар.
- 2) Үгіт-насихат:
 - а. іс-қимыл бағдарламасын студенттер алдында таныстыруды;
 - б. баспа және электрондық материалдарды таратуды;
 - с. кездесулер мен пікірсайыстар өткізуді қамтуы мүмкін.
- 3) Үгіт-насихат әдеп нормаларын, корпоративтік мәдениет қағидаларын және осы Ереженің талаптарын сақтай отырып жүргізіледі.

20. Өкілеттік мерзімі және өкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтату

- 1) Студенттік жатақханалар кеңесінің өкілеттік мерзімі сайлау нәтижелері ресми бекітілген күннен бастап бір оқу жылын құрайды.
- 2) Студенттік жатақханалар кеңесінің өкілеттігі мынадай жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін:
 - а) Студенттік жатақханалар кеңесі төрағасының жеке өтініші бойынша;
 - ә) оқудан шығарылған, академиялық демалысқа шыққан немесе басқа жоғары оқу орнына ауысқан жағдайда;
 - б) өз міндеттерін атқарумен сыйыспайтын тәртіптік жаза қолданылған жағдайда;
 - в) осы Ереженің талаптарын бұзу фактісі расталған кезде Университеттің Студенттік үкіметі кеңесінің шешімі бойынша.

21. Кезектен тыс сайлау өткізу тәртібі

Студенттік жатақханалар кеңесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Білім алушыларды дамыту және қолдау департаменті белгілеген мерзімде кезектен тыс сайлау өткізіледі.

13. Студенттік жатақханалар кеңесінің университеттің құрылымдық бөлімшелерімен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимылы

22. Университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл

- 1) Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментімен - тәрбие жұмысы, студенттік бастамалар, профилактикалық іс-шаралар, әлеуметтік қолдау, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері бойынша;
- 2) Әлеуметтік қолдау және өзара іс-қимыл орталығымен - студенттерді жатақханаға орналастыру, әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік осал санаттағы студенттермен жұмыс жүргізу мәселелері бойынша;
- 3) Тәрбие жұмысы және студенттік бастамалар орталығымен - студенттік клубтарды дамыту, студенттік іс-шараларды қолдау, форумдар мен конкурстар өткізу мәселелері бойынша;
- 4) Шығармашылық орталығымен - студенттердің мәдени және шығармашылық жобаларға қатысуын ұйымдастыру мәселелері бойынша;
- 5) Білім алушылардың омбудсменімен - студенттердің құқықтарын қорғау және даулы жағдайларды шешу мәселелері бойынша;
- 6) Университеттің PR-қызметімен - студенттік жатақханалар кеңесінің қызметін ақпараттық сүйемелдеу, студенттерді хабардар ету және студенттік бастамаларды насихаттау мәселелері бойынша.

23. Студенттік өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл

- 1) Студенттік жатақханалар кеңесі Университеттің Студенттік үкіметі кеңесінің құрамына кіреді және жатақханада тұратын студенттердің мүдделерін білдіреді.
- 2) Студенттік клубтардың төрағаларымен, курс старосталарымен, студенттік кеңес мүшелерімен және студенттік елшілермен ортақ ұстанымдарды келісу, ақпарат алмасу және бірлескен жобаларды іске асыру мақсатында өзара іс-қимыл жасайды.
- 3) Студенттер мен Университет әкімшілігі арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді, студенттердің ұсыныстары мен бастамаларын тұрақты түрде жинақтап, оларды тиісті құрылымдық бөлімшелердің қарауына ұсынады.

24. Сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимыл

- 1) қалалық және республикалық студенттік форумдарға, конференцияларға және слеттерге қатысуға;
- 2) үкіметтік емес ұйымдармен, жастар ұйымдарымен және студенттік қауымдастықтармен өзара іс-қимыл жасауға;
- 3) әлеуметтік маңызы бар, волонтерлік және білім беру жобаларын іске асыру мақсатында сыртқы компаниялармен және ұйымдармен әріптестік байланыстар орнатуға;
- 4) Университеттің атынан ресми іс-шараларға, конкурстарға және студенттік одақтардың отырыстарына қатысуға;

5) Университеттің рәміздерін пайдалануды немесе оның мүдделерін ресми түрде білдіруді көздейтін барлық сыртқы байланыстар мен бастамалар Университеттің тиісті құрылымдық бөлімшелерімен міндетті түрде келісілуге тиіс..

25. Өзара іс-қимыл нысандары

26. Бірлескен жұмыс кеңестері (айына кемінде бір рет).

27. Жазбаша және электрондық өтініштер, қызметтік жазбалар мен есептер.

28. Бірлескен іс-шаралар, жобалар және дөңгелек үстелдер.

29. Ресми байланыс арналары (корпоративтік электрондық пошта, портал және ақпараттық стендтер) арқылы ақпарат алмасу.

14. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

1) Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бастаманы:

а) Университеттің Студенттік үкіметі кеңесі;

б) Білім алушыларды дамыту және қолдау департаменті;

с) жетекшілік ететін проректор ұсына алады

3) Өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізілетін түзетулердің қажеттілігі негізделген жазбаша түрде рәсімделіп, Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментіне жолданады.

2) Білім алушыларды дамыту және қолдау департаменті ұсыныстарды Университеттің Жастар саясаты жөніндегі кеңесінің қарауына шығаруды ұйымдастырады.

30. Ұсынылған өзгерістерді қабылдау, кері қайтару немесе пысықтауға жіберу туралы шешімді Университеттің Жастар саясаты жөніндегі кеңесі қабылдайды және ол отырыс хаттамасымен рәсімделеді.

31. Жедел шешім қабылдауды талап ететін ерекше жағдайларда өзгерістер жетекшілік ететін проректордың шешімімен бекітіліп, кейіннен Жастар саясаты жөніндегі кеңестің кезекті отырысында бекітуге ұсынылады.

32. Бекітілген өзгерістер Университеттің ресми сайтында жарияланған немесе корпоративтік байланыс арналары арқылы студенттердің назарына жеткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

33. Осы Ереженің өзектілігін қамтамасыз ету және оған өзгерістерді уақытылы енгізу жөніндегі бақылау Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментіне жүктеледі..

15. Қорытынды ережелер

34. Осы Ереже Университеттің Жастар саясаты жөніндегі кеңесі бекіткен күннен бастап күшіне енеді және ҚазҰМУ-дың барлық мектептері, факультеттері, құрылымдық бөлімшелері мен студенттік өзін-өзі басқару органдары үшін міндетті болып табылады.

35. Осы Ереженің орындалуын бақылау студенттік жатақханалар кеңестерінің қызметін үйлестіретін, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсететін, сондай-ақ олардың қызметінің тиімділігіне мониторинг жүргізетін Білім алушыларды дамыту және қолдау департаментіне жүктеледі.

36. Осы Ереже кемінде үш жылда бір рет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы немесе студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құжаттары өзгерген жағдайда қайта қаралуға тиіс.

37. Осы Ережені іске асыру барысында туындайтын барлық даулы мәселелер Университеттің Жастар саясаты жөніндегі кеңесінде қаралады. Қажет болған жағдайда Кеңес мектептерге, факультеттерге және студенттік деканаттарға арналған түсіндірмелер мен әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге бастамашылық жасай алады.

38. Осы Ереже Университеттің ресми сайтында орналастырылады және корпоративтік байланыс арналары арқылы барлық студенттердің, профессор-оқытушылар құрамының және қызметкерлердің назарына жеткізіледі.

Қосымша 1

ҚазҰМУ студенттік жатақхана кеңесінің шаблону

1. Дауыс беру бюллетені

ДАУЫС БЕРУ БЮЛЛЕТЕНІ

стдент кеңесін сайлау

Мектеп / Факультет: _____

Сайлау өтетін күні: _____

Кандидаттар:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Нұсқа:

-Өзіңіз дауыс беретін бір кандидаттың **аты-жөнінің** тұсына (✓) белгісін қойыңыз.

- Бірден көп белгі қойылған немесе ешқандай белгі қойылмаған бюллетень **жарамсыз** деп танылады.

- Сайлаушының қолы: _____

- № студенттік билет: _____

2. Студенттік кеңесінің сайлау хаттамасы

№ _____ ХАТТАМА

Студенттік кеңесінің сайлау жөніндегі Сайлау комиссиясы отырысының хаттамасы

Мектеп / Факультет: _____

Өткізілген күні: _____

Өткізетін орын: _____

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия хатшысы: _____

Комиссия мүшесі: _____

1. Жалпы ақпарат

Сайлаушылар тізіміне енгізілген білім алушылардың саны: _____

- Берілген бюллетеньдердің саны: _____

- Пайдаланылған бюллетеньдердің саны: _____

- Жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны: _____

2. Дауыс берушілердің шешімі

№	Кандидаттың аты-жөні, тегі	Дауыс саны	% дауыс
1			
2			

Қорытынды:

Таңдалған студенттік декан: _____

Комиссия мүшесінің қолы:

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия хатшысы: _____

Комиссия мүшесі: _____

3. Студенттік кеңестің есеп түрі СТУДЕНТІК КЕҢЕСТІҢ ЕСЕБІ

Мектеп / Факультет: _____

Кезең: _____

1. Негізгі ақпарат

- Студенттік кеңес: _____
- Орынбасары: _____
- Хатшы / координатор: _____
- Кеңес мүшесінің саны: _____
- Әкімшілік кураторы: _____

2. Жоспарланған және іске асырылған іс-шаралар

№	Іс-шараның атауы	Категория (білім беру бағдарламасы, мәдени, әлеуметтік)	Өткізілген күні	Қатысушының саны	Шешімі / эффект	Ескерту
1						
2						

3. Медиа-есеп

- Жарияланымдарға сілтемелер: _____
- Фото және бейнематериалдар (қоса беріледі): _____

4. Мәселелер мен ұсыныстар

- Анықталған мәселелер: _____
- Студенттік өзін-өзі басқару қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар: _____

5. Қаржылық есеп (бюджет болған жағдайда)

№	Шығын /кіріс	Сумма (тенге)	Қаржыландыру көзі	Ескерту
1				
2				

6. Қолы

Студенттік декан: _____

Хатшы: _____

Куратор: _____